

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

АБДИКЕРОВА ШЫНАР, 1 - КУРС СТУДЕНТІ

○ Қазақ поэзиясындағы шоқтығы биік тұрған тұлғалардың бірі – Фариза Оңғарсынова. Бүгінде Фаризанының шығармаларын білмейтін оқырман кемде-кем. Ақынның жүректен шыққан көркем туындылары, әр адамның тұла бойын елжіретіп, ерекше бір сезімге бөлейтінін оның әр түрлі тақырыптарда жазылған өлең жолдарынан байқауымызға болады. Ақынның сан – салалы лирикалық шығармаларында сыры ашылмаған қаншама дүние жатқаны баршаға аян. Ф. Оңғарсынованың әр тақырыптағы лирикалық шығармалары, ондағы кейіпкерлер әлемі, яғни лирикалық қаһарман мәселесі, ақындық шеберлік сырлары әр адамды қызықтырары айдан анық. Оның шығармашылығының негізгі тақырыптары - сүйіспеншілік пен жек көрушілік, арлық пен қорқақтық, жақсылық пен жамандық.

- **Ақынның алғашқы өлеңдері республикалық баспасөз беттерінде 1958 жылы жарық көрді. Тұңғыш өлеңдер жинағы «Сандуғаш» 1966 жылы жарық көрген. «Алмас қылыш», «Тартады бозбаланы магнитім», «Сайраған Жетісудың бұлбұлымын», «Тыңдаңдар, тірі адамдар», «Қарғыс», «Қасірет пен ерлік жыры» поэмалары, «Үйім менің – Отаным», «Маңғыстау монологтары», «Революция және мен» өлең топтамаларының авторы.**

- **Фариза Оңғарсынова өлеңдерінде троптың түрлері мол кездеседі. Олардың қолданылуы аясы да алуан түрлі. Әдебиетте троп сөзінің мағынасына үңілетін болсақ, оған мынадай анықтама берілген екен. Троп - грекше - tropos - бұрылыс, бұрма деген сөз. Поэзияны көркемдік жағынан бейнелейтін троп түрлері: эпитет, метафора, кейіптеу, теңеу және метонимия Ф. Оңғарсынова поэзиясының табиғатын жете тану үшін ақынның шығармашылығына тереңірек үңілгенде байқалады.**

- **Метафора дегеніміз - ауыстыру, суреттеліп отырған затты өзіне ұқсас өзге затқа балау. Эпитет - заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз. Жансызға жан бітіру, жансыз заттарға адамға тән мінез бен әрекеттер беріп, түрлі қылықтар жасату арқылы ойды биік философияға көтеру кейіптеу деп аталады. Метонимия (грек. қайтадан атау) - арасында жақындығы бар екі нәрсенің атын алмастырып, бірінің орнына бірін айту. Ал теңеу деп белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, салыстыра суреттеуді айтамыз.[1]**

- **Фариза өлеңдеріндегі табиғат тақырыбы ғажайып суреттерге толы, өлең жолдарында небір әдемі теңеулер, айшықтап суреттелген табиғат көрінісі бар. Табиғатты жырлауда ақынның ешкімге ұқсамайтын өзіндік үні, даусы анық байқалады.**

[2]

- Табиғаттың қаһарлы, ызғарға толы мезгілін суреттейтін "Қырдағы қыс" өлеңінен үзінді келтірейік.
- Түнімен долы дауыл құрыстаған
Секілді арыстандай жыны ұстаған.
Жамылып ақ көрпесін енді ғана
Маужырап байтақ дала тыныстаған.
-
- Бұл өлең жолдарында тіл көрнекілігінің бірнеше түрін кездестіреміз. Мысалы, өлеңнің бірінші жолында "дауыл" сөзі айрықша сипатқа ие, яғни мұнда эпитет қолданылған. Қатты дауыл теңеудің қолданылуы арқылы ашулы арыстанға теңеліп тұр. Осы өлең жолдары арқылы қыс бейнесі көркем суреттелген.

- Ақынның "Жаз" деген өлеңі тұла бойы қолмен қашалып жасалған әдемі мүсінді көз алдына елестетеді. Сурет пен теңеу, өткір ойлар қосылып өрілгенде көз алдыңа ғажап дала бейнесі келеді.
- Адам жанына шуақ сеуіп, күлімдеп жүретін жандар болады. Осындай адамды жадыраған жаз мінезді адам дейді. Бұл жерде ақын жаз бен адамды салыстырып отыр. Табиғат тірі. Оған мына бір жолдарды оқи отырып көз жеткіземіз:

**Бас иіп қырдың жасыл
қияқтары**

**Тұрғандай жаныңа әсем
күй ақтарып.**

**Көп-нәзік қырдың гүлі
албырайды,**

**Алғашқы балғын сезім
сияқтанып.**

**Күн шықты жанарыңнан
нұр атылып,**

**Құм жатыр бұйра жонда
шұбатылып.**

**Жартыкеш ай барады
жаутаң қағып,**

**Үйінен кеткен қыздай
ұзатылып.**

- **Анықтап көз салсақ, осы өлең жолдарында небір әдемі теңеулер, айшықтап суреттелген табиғат көрінісі бар. "Жарты-кеш ай ұзатылған қызға ұқсаса, қыр тәтті ұйқысын қимай қалғып қана тыныштық құшағында жатыр. Ал нәп-нәзік қырдың жұпар гүлі алғашқы балғын сезімге ұқсайды", – дейді ақын.**
- **Ф. Оңғарсынова – тілді барынша шеберлікпен қолданатын аса талғампаз ақын. Өлең тілінің бейнелі, көркем, кестелі болып келуі поэзиядағы ой-сезімнің әсерлігін арттырады. Яғни, бейнелеп сөзден сурет салуға бейімділік – өлең тіліне қажет ең негізгі қасиет. Ақын өлеңдеріндегі сөз тіркестері әсерлі мән-мазмұнға ие болып, маңызды қызмет атқарады. [3]**

- «Ақынның нәзік жүрегі, малдан тоңар гүл еді» деген өлең жолдарында ақын жүрегін «нәзік гүл» ретінде алып, көркемдік ерекшеліктің теңеуін қолданады. Ақын «Халқының махаббатымен Ақсұңқар құстай түледі, Ел ғана – тұғыр, тірегі» деген өлең жолдарында туған жерге деген өзінің сағынышын, ерекше сезімін жыр ғып шынайы суреттеп, эпитетті пайдаланған. Ағынан ақтарыла жырлау, ой-сезім тізгінін өлең жолында іріктей еркін ұстау – Фариза туындыларының өзекті қасиеті.[4]

**Ақынның нәзік жүрегі
малдан тоңар гүл еді.**

**Халқының махаббатымен
ақсұңқар құстай түледі,
Ел ғана тұғыр тірегі.**

Сондай-ақ, ақынның биік арманы әрбір өлең шумақтарында анық көрінеді. Фаризаның беріліп, шабыттанып, аса құмарта, кең көсіліп жырлаған табысты тақырыбы – махаббат, сүйіспеншілік тақырыбытарында. [3]

«Сен менің жанарыма жас тұндырып, өзгеге көңіл кілтін аштың күліп» деген өлең жолдарында Фариза Оңғарсынова метафораның бірнеше түрін қолданады. Оны «көңіл кілті», «ошақ» деген сөздерден айрықша байқаймыз. «Әне бір ұзын бойлы ақ сұр жігіт» ал осы өлең жолында ақын бас кейіпкердің сыртқы бейнесін суреттеп, сипаттаулар енгізеді.

Сен менің жанарыма жас тұндырып,

Өзгеге көңіл кілтін аштың күліп.

Ошаққа отырғызып кетті мені

Әне бір ұзын бойлы ақ сұр жігіт

Туған дала! Туған ел! Бұл ұғымдар – ақын жырындағы ең қасиетті, ең қастерлі ерекше жалыңды леппен жырланатын, асқақ шабыттарға толы сезімдердің тақырыбы. Оның өлеңдерінің барлығы дерлік туған далаға деген перзенттік махаббаты басқа тақырыптағы өлеңдерінің арасынан да ерекшеленіп жатады. Туған жер, Отан-Ананы нақты сурет, бейнелі тіл, көркем тәсілмен өрнектейді.

Туған жер, туған елі жайлы өлеңдерін бейнелі тіл, көркем тәсілмен өрнектейді. Мысалы:

Атырау – ақжарқын ел, жыршы далам,

ән мен күй көкірегінде тыншымаған.

Бабамның тері тамған топырағыңнан

әрқашан жас жаныма сусын алам.

«Атырау – ақжарқын ел, жыршы далам» - осы өлең жолынан туған жерін «ақжарқын ел» деп сипаттап, «ақкөңіл ел» ретінде теңейді. «Жыршы далам» деп кейіптеу тәсілін пайдаланып, туған жерінің табиғатын жандандырады.

«Туған жерге сағыныш» атты өлеңінде ақын өзінің туған жерге деген ыстық сезімін, сағынышын былай жырлайды.

О, туған жер, кең пейіл құшағың кең,

Саған көңіл бұлқынар күш-ағынмен.

Сағынышымды қанат қып саған қарай

Балапандай талпынып ұшамын мен, – деген өлең жолдарынан ақынның туған жерге деген сағынышы соншалықты ыстық екені оның көңілінің күш-ағынмен бұлқынып, сағынышын қанат қып ұшамын деген метафоралық тіркестермен тамаша суреттеп көрсетеді.

- Фариза Оңғарсынова шығармашылығында оны басқа ақындардан айрықша етіп тұратын, өз жаратылысына тән ерекшеліктер бар. Фариза ақын әрбір адам баласының жан жүрегін елжірететін, толғандыратын шынайы туындыларды поэзия өміріне алып келген ерекше тұлға және «Поэзия патшайымы» атағына лайық жан.[3]
- Фариза ақынның адам жанын бірден баурап алатын нәзік сырлы, жүрек елжіретер өлеңдері кеудеңде күйсандық сазындай күйге толтырып, ой-санаңды дауылдай сапыратын сипатымен ерекшеленеді. Саңлақ ақынның жауһар жырларын бүкіл қазақ жаппай оқып, жаттап жүр десек асырып айтқандық болар еді. Ал оның отты өлеңдері барша қазақтың жырын жырлап, мұңын мұңдауға арналғандығын айтсақ әсте қателеспейміз.

- **Сонымен қазақ поэзиясында қай кезеңде болмасын тұрақты эстетикалық өрісі бар образдарды пайдалануды көріктеу тәсілінің бірі етіп келген. Фариза поэзиясының тілінің бейнелілігі – көркемдегіш тәсіл арқылы сөздерді ойнатып қолдануында. Ф. Оңғарсынова шығармаларын оқи отырып, оның теңеу, ерекше эпитет, мазмұнды метафораларды, көркемдегіш-бейнелеуіш құралдарының барлық түрлерін сәтті қолдана білгеніне көз жеткізе аламыз.**

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әдебиеттану терминдер сөздігі. - Алматы, 1999.
2. Фариза Оңғарсынова // «Өлеңдер жинағы» // 1-том // 7-8 б.
3. Жұмабек, С. Поэзия патшайымы [Мәтін] // Таңдамалы шығармалары / Алматы :
4. Ан Арыс. - 2 т. - 2009. – 143-150 б.
5. Фариза Оңғарсынова // «Фаризаға арнау» // 5-6 б.
6. Резуанова Г.К., Альбекова А.Ш., Муратбекова А.М., Кукенова Г.А. “Elective disciplines as means of professional competence of future teachers”// Life Science Journal – Scopus CJR 2012 (Thomson Reiter’s)

